

Шымкент қаласы білім басқармасының  
№31 «Терешкова атындағы жалпы  
орта білім беретін мектеп»  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение  
«Общеобразовательная средняя школа  
№31 имени Терешковой»  
управление образования города Шымкент

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2025 жылғы «09» қыркүйек  
Шымкент қаласы

№ 346  
город Шымкент

### "Қыз бала тәрбиесі туралы"

Қыз балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүргізілуін жандандыру мақсатында **Бұйырамын:**

1. Қыз балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүргізілуін жандандыру мақсатында іс-шара жоспары түзіліп бекітілсін. Бекітілген іс-шара жоспары бойынша жұмыс жүйелі жүргізілсін.
2. Қыздар кеңесі төрайымы болып мектептің аға тәлімгері Н.Сартаева, педагог – ұйымдастырушы К.Тұрысбек сайлансын.
3. «Қызым саған айтам, келінім сен тында» гинеколог дәрігерлермен кездесу ұйымдастыру жауапкершілігі мектеп медбикесі Г.Жанпейсоваға жүктелсін.
4. Қыздармен жүргізілетін тәрбие жұмысының жоспар бойынша жүргізілу жауапкершілігі ДТЖО К.Калиеваға жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Калиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Е.К.Нурсейтов

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов

В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің  
2025-2026 оқу жылына арналған  
«Қызғалдақ» қыздар ұйымының жұмыс жоспары

№	Жүргізілетін іс –шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Қыздар кеңесі» ұйымының іс –шара жоспарын түзу	Қыркүйек	Қалиева Қ.Б Тұрысбек К
2	Мектеп формасының сақталуы, қыздар жиналысы	Қыркүйек	Қалиева Қ.Б. Арзыкулова Л
3	Қызға қырық үйден тыю (баяндама)	Қыркүйек	Сартаева Н
4	Дәрігермен кеңес. Жеке бас гигиенасы. Қыздармен әңгіме	Қазан Жоспарлы	Медбике
5	Қыз өссе елдің көркі (баяндама)	Қараша	Тұрысбек К
6	Қыздар нені білу керек ? Қыздар жиналысы	Желтоқсан	Тұрысбек К
7	Әдемілік, әсемдік, сұлулық дегеніміз не? (пікірталас)	Қаңтар	Психологтар
8	Қыздар ұйымы отырысының есебі. Тәрбиесі қиын қыздардың ата -аналарымен үнемі жұмыс жүргізу	Қаңтар Үнемі	Сынып жетекшілер
9	«Қыздарды салт дәстүр негізінде тәрбиелеу» дөңгелек үстел түсіндірме жұмыстары	Үнемі	Сынып жетекшілер
10	1.«Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» Гинеколог дәрігерлермен пікір алмасу 2. «Тазалық терең байлық»	Ақпан	Қалиева Қ.Б. Тұрысбек К Жанпейсова Г
11	1. «Қыз 15 –ке келгенде» қыздар жиналысы 2.Сабақтан көп қалатын қыздармен жұмыс	Наурыз	Сынып жетекшілер
12	Қыздар жиналысы, мамандармен пікір алмасу	Наурыз	Қалиева Қ.Б. Балабиева Ұ
13	Қыздар жиналысы, мамандармен пікір алмасу	Сәуір	Қалиева Қ.Б. Тұрысбек К
14	Қыздар үшін білім алудың маңызы қандай? (дөңгелек үстел)	Сәуір	Қалиева Қ.Б. Педагог – психологтар
15	Ақылды және тәрбиелі болуы деген не ? (баяндама)	Мамыр	Тұрысбек К
16	Қыздар ұйымының отырысы. Жазғы демалысты қайда өткізесің? Қыздармен әңгіме.	Мамыр	Сартаева Н

ДТІЖО: Қ.Б.Калиева

**Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде  
өткізілген  
«Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында өткізілген қыздар  
жиналысының хаттамасы**

17.09.2025ж

Қатысқандар: 8-9-10 сынып оқушылары

**Күн тәртібінде:**

1. Қыздардың мектеп формасының сақталуы  
/ДТІЖО Қ.Қалиева/
2. «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» баяндама  
/педагог психолог З.Абдумоминова/

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қалиева Қаракөз Байралықызы сөз алып, мектептегі қыздардың мектеп формасы туралы айтып, міндетті мектеп формасының сақталу керектігін ескертті. Сөз кезегінде қыздарға қажетті мәліметтер айтып өтті. Қазіргі қоғамда тек қана «Абайлап жүріп, аңдып бас», «Қызды қырық үйден тыю», «Қыз елдің көркі» қыз қонақ деген мақал-мәтелдермен қыз балалардың ойлануына, олардың ішкі жан дүниесін селт еткізетіндей даналық сөздер айтты.

Қазіргі кезде ата-аналар тарапынан қыз балаларға көп тәрбие керек. Кірпігін көтеріп жат адамға сөйлемейтін, үлкеннің жолын кеспейтін қазақ қызы бүгінде көше-көшені кезіп, тәнін саудалап, көшенің қақ ортасында итше ырылдасып шаштасып төбелесіп жатқаны туралы айтылды. Одан қалса көше жәшігіне немесе әжетханаға лақтырып тастап кете барады, бұл не деген маскара деді.....Бүгінгі жиналыста өздеріне қажетті ақпарат алады деген сенімдемін деді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектептің педагог психологы З.Абдумоминова «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында баяндама оқыды. Инабатты да ибалы, салмақты да сабырлы, өмірдің мәнін түсіне білетін нәзік жан – қыз баласы болып саналады. Қыз баласы әрқашан да бір жанұяның тыныштығын сақтап, құт-берекесін кіргізіп отан ұйытқысы болса, бірде үміт артып арқа сүйер ана да болады. Қыз баласы өзінің нәзік жанды екеніне карамастан, өмірдің барлық сан қилы жолдарымен қиналмай өтетін жан десек болады. Қазақ халқымыз «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған.

Бүгінгі бас қосуымыздың да мақсаты қазақ қыздарының бойына жастайынан осы тамаша қасиеттерді ұялату. Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігін сыртқы бет-пішіні мен киім киісіне қарап бағалаған.

«Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген даналар сөзі бар. Қазақта «Қызға қырық үйден тыю, одан қалса есіктегі күңнен тыю» деген сөз бар. Бұл қыз баланың ерсі қылықтарын көрсе, тіпті есіктегі күң де ақыл айтып жөнге салуға құқылы деген сөз екенін айта келе, қыздарға жаман әдеттерден аулақ болу керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

### Қаулы:

- 1.«Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты оқылған баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Қыздардың мектеп формасы қатаң түрде сақталынсын.
3. Әрбір қыз баласы болашақ ана, сол себепті өз өмірі мен денсаулығына жауапты екендігін есте сақтап, зиянды әдеттерден аулақ болсын.



Мектеп директоры:

Е.К.Нурсейтов

ДТЖО

Қ.Калиева

Хатшы:

Н.Сартаева



...ТТЫК, ҰЛТЫ, ХСЫҚТЫМ Ш...ДЫ...

  
Premiere  
THE FIRST  
THE BEST

**Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде  
«Жасөспірім қыздар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу»  
тақырыбында өткізілген жиналыстың  
ХАТТАМАСЫ**

10.10.2025ж

Қатысқандар: 8-11 сынып оқушылары

**Күн тәртібінде:**

1. «Жасөспірім қыздар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» туралы  
/ДТДЖО Қ.Қалиева/
2. «Мектептегі препродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері мен жыныстық тәрбие гигиенасы» туралы  
/Медбике Г.Жанпейісова/
3. «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі»  
/Мектеп психологы А.Мусакулова/

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз алған тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Қалиева жиналыстың тақырыбы мен мақсат міндеттерін таныстырып өтті. Сонымен бірге «Жасөспірім қыздар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» туралы айтып, қазақ халқында қыздарды ерте заманнан ата-анасы мәдениеттілік пен ұқыптылыққа, тазалық пен тәртіптілікке тәрбиелеп келген. Қазіргі кезде мектеп жасындағы жасөспірім жас қыздардың құқық бұзып, көптеген қылмысқа ұрынып, жүкті болу жағдайлары жиілеп барады. Мұндай сұмдықтың алдын алу керекпіз деп қыздарды тәртіпті болуға міндетті екендігін, қыз бала ибалы, инабатты болу керектігін айтып түсіндірді.

Келесі сөз кезегін алған мектеп медбикесі Гүлнар Жанпейісова «Мектептегі препродуктивті, психикалық денсаулық мәселелері мен жыныстық тәрбие гигиенасы» туралы дәріс оқып, түсіндіру жүргізді. Жыныстық қабілеттің жетілу жылдары жасөспірім психикасы үшін өте ауыр кезең. Бұл кезде жастарда жаңа түйсік, жаңа тілектер пайда болады, намыс сезімі өсе түседі. Аңғармай айтылған немесе ретсіз айтылған бір ауыз сөзбен жасөспірімнің ойында тұрған арманы мен қуанышын оп-оңай бұзып жіберуге болады. Жыныс күтімі бала тәрбиесінің бір бөлігі болғандықтан, жыныстық қабілет жетіліп келе жатқан кезде жасөспіріммен айрықша әңгіме өткізу қажет. 13-14 жасқа келген жасөспірім махаббат мәні, ер мен әйел арасындағы қарым-қатынас сияқты бірқатар мәселелерді байқайды. Жыныстық ұстамдылықтың көздейтін мақсаты – ерлі-зайыптылар арасындағы адалдық туралы түсінікті қалыптастыру. Отбасылы болудың түпкілікті екі мақсаты бар, ол бақытты өмір сүріп, бала тәрбиелеу! Сондықтан, балиғатқа толған қыз бен ұлға махаббат пен адал неке жоқ жерде өмірдің сәні болмайтынын көркем түрде түсіндіру керек деді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған мектеп психологы Алия Мусакулова «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» деді. Біз асыл қағиданы ту етіп ұстаған ұрпақ едік. Әуел бастан тән сұлулығы мен жан сұлулығын жоғары

қойып өскен елміз. Әйел адам ер азаматтар отырған жерде дауыс көтеріп сөйлемеген, ретсіз күлмеген. Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігін, мәдениеттілігінің белгісін сыртқы бет-пішіні, киім киісіне қараумен қатар, атқарған ісіне, қылықты қылығына қарап бағалаған. Небір әсем сұлулықты сипаттағанда «Қыздың жиған жүгіндей» деп қыздарымыздың іс-қимылының нәтижесімен өлшеген. Міне, осындай тәрбиемен өскен қыз кісі тәнін жалаңаштамақ түгілі әлдебіреудің бетіне күліп қарамаған. Бір сөзбен айтқанда, қыз баланың әрбір қылығы сұлулықтың символы еді. Бүгінгі жарым жартылай жалаңаш, кіндіктері жарқыраған аруларымыз осы бір кертартпа тәрбиенің зардабы мен салдары. Өкініштісі сол, қазіргі қазақ қыздарының ұл не қыз екенін ажырату қиын. Шашын қырқып, аузына темекі қыстырып, тар шалбар киген, ер балаша құлағы қалқиған қазақ қыздарының қазіргі кейіпі адам шошырлық. «Қызым үйде қылығы түзде» демекші қыз баланың жүріс тұрысы мен киім киісі тәрбиенің негізі болып саналады деді.

Кездесу соңында жиналысқа қатысқан қыз балалар өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Сонымен қатар осындай қиын мәселелерді шешу жолдарына байланысты өз пікірлерін ұсыныстарын білдіріп жатты.

Қорытындылай келе, осындай түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жандана берсе, келеңсіздіктердің алдын алуға әбден болады деді. Әрине қоғам өмірі өте күрделі.

### Қаулы:

1. «Жасөспірім қыздар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» атты түсіндірме жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
- 2.«Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі» атты оқылған баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.
3. 5-11 сынып оқушы қыздарымен жыныстық тәрбие мәселесі үнемі жүргізілсін. Әжелер, жеңгелер кеңесі жұмысы сынып жетекшілер тарапынан жоғары деңгейде жүргізілсін.

Мектеп директоры

Е.Ж.Нұрсейтов

Хатшы:

Н.Сартаева







**Терешкова атындағы №31 жалпы орта мектебінде**  
**Кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын**  
**алу мақсатында**  
**«Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында өткізілген қыздар жиналысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

11.11.2025ж

Қатысқандар: 140

Мектеп әкімшілігі, ата-аналар

8-11 сынып оқушылары

**Күн тәртібінде:**

1. «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» баяндама  
/Педагог ұйымдастырушы  
К.Тұрысбек /
2. «Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» туралы  
/Медбике Г.Жанпейісова/
3. «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі»  
/мектеп психологы А.Мусакулова/

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша жиналыстың күн тәртібімен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Калиева Қаракөз Байралықызы таныстырып өтті.

Қазіргі қоғамда тек қана «Абайлап жүріп, аңдып бас», «Қызды қырық үйден тыю», «Қыз елдің көркі» қыз қонақ деген мақал-мәтелдермен қыз балалардың ойлануына, олардың ішкі жан дүниесін селт еткізетіндей даналық сөздер айтты. Қазіргі кезде ата-аналар тарапынан қыз балаларға көп тәрбие керек. Кірпігін көтеріп жат адамға сөйлемейтін, үлкеннің жолын кеспейтін қазақ қызы бүгінде көше-көшені кезіп, тәніні саудалап, көшенің қақ ортасында итше ырылдасып шаштасып төбелесіп жатқаны туралы айтылды. Одан қалса көше жәшігіне немесе әжетханаға лақтырып тастап кете барады, бұл не деген масқара деді... Бүгінгі кеште өздеріңізге қажетті ақпарат алады деген сенімдемін деді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагог-ұйымдастырушы Тұрысбек Күлия Есенқызы «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында баяндама оқыды. Инабатты да ибалы, салмақты да сабырлы, өмірдің мәнін түсіне білетін нәзік жан – қыз баласы болып саналады. Қыз баласы әрқашан да бір жанұяның тыныштығын сақтап, құт-берекесін кіргізіп отан ұйытқысы болса, бірде үміт артып арқа сүйер ана да болады. Қыз баласы өзінің нәзік жанды екеніне қарамастан, өмірдің барлық сан қилы жолдарымен қиналмай өтетін жан десек болады. Қазақ халқымыз «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Бүгінгі бас қосуымыздың да мақсаты қазақ қыздарының бойына жастайынан осы тамаша қасиеттерді ұялату. Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігін сыртқы бет-пішіні мен киім киісіне қарап бағалаған. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген даналар сөзі бар. Қазақта

«Қызға қырық үйден тыю» деген бар, сондықтан жат қылықтан аулақ болу керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі сөз кезегі мектеп медбикесі Гүлнар Жанпейісова берілді. «Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндіру жүргізілді. Жалпы қазақ қыздарын ерте заманнан ата-анасы мәдениеттілік пен ұқыптылыққа, тазалық пен тәртіптілікке тәрбиелеп келген. Қазіргі кезде мектеп жасындағы жасөспірім жас қыздардың жүкті болу жағдайлары жиілеп барады. Елімізде жасөспірім қыздардың арасында ерте жүктіліктің көбейіп кеткені түрлі жан шошытарлық оқиғалардың орын алып жатқаны қалың көпшілікті қатты алаңдатып отырғанын айта келе, ерте жүктіліктің зияны туралы айтып өтті. Елімізде кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасында статистика бойынша 10 мыңға жуық қыз жүкті болады екен. Олардың көбісі түсік тастайды, денсаулығы көтермейді, өзі бала баланы қалай баға алады. Баланы алдырту келешекте бала сүйе алмау деген сөз. «Ерте жыныстық қатынаста болу және оның зардаптары» туралы айта келе дәрігер өз сөзінде жеткіншектердің ерте бастан жыныстық қатынасқа баруына не әсер ететіндігінен бастап оның зардаптары, осы жағдайлардан туындайтын түрлі қиындықтар мен кеселдер туралы ерте жүктіліктің ертеңі туралы кеңінен әңгімеледі. Ерте жыныстық қатынастың қасіреттен басқа ештеңе әкелмейтіндігін айта отырып өз сөзін қорытындылады. Сондықтан да олардан аулақ болып, жалпы қыз баласы ұзын киім киіп, үлкеннің алдын кесіп өтпей салт дәстүрімізді берік сақтау керектігін айтты. Себебі «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» деді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған мектеп психологы Алия Мусакулова қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі деді. Біз «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген асыл қағиданы ту етіп ұстаған ұрпақ едік. Әуел бастан тән сұлулығы мен жан сұлулығын жоғары қойып өскен елміз. Әйел адам ер азаматтар отырған жерде дауыс көтеріп сөйлемеген, ретсіз күлмеген. Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігін, мәдениеттілігінің белгісін сыртқы бет-пішіні, киім киісіне қараумен қатар, атқарған ісіне, қылықты қылығына қарап бағалаған. Небір әсем сұлулықты сипаттағанда «Қыздың жиған жүгіндей» деп қыздарымыздың іс-қимылының нәтижесімен өлшеген. Міне, осындай тәрбиемен өскен қыз кісі тәнін жалаңаштамақ түгілі әлдебіреудің бетіне күліп қарамаған. Бір сөзбен айтқанда, қыз баланың әрбір қылығы сұлулықтың символы еді. Бүгінгі жарым жартылай жалаңаш, кіндіктері жарқыраған аруларымыз осы бір кертартпа тәрбиенің зардабы мен салдары. Өкініштісі сол, қазіргі қазақ қыздарының ұл не қыз екенін ажырату қиын. Шашын қырқып, аузына темекі қыстырып, тар шалбар киген, ер балаша құлағы қалқиған қазақ қыздарының қазіргі кейіпі адам шошырлық. «Қызым үйде қылығы түзде» демекші қыз баланың жүріс тұрысы мен киім киісі тәрбиенің негізі болып саналады деді.

Кездесу соңында мектеп оқушылары өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Сонымен қатар осындай қиын мәселелерді шешу жолдарына байланысты өз пікірлерін білдіріп жатты.

Қорытындылай келе, осындай түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жандана берсе, келеңсіздіктердің алдын алуға әбден болады деді. Әрине қоғам өмірі өте күрделі.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

### Қаулы:

1. «Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жүргізілген іс-шара өз деңгейінде өткізілді деп есептелсін.
2. Әрбір қыз баласы болашақ ана, сол себепті өз өмірі мен денсаулығына жауапты екендігін есте сақтап, зиянды әдеттерден аулақ болсын.
3. Қыз баланың тәртібі мен болашағына жауапты екендігін ұмытпай қоғамға араласуына дұрыс бағыт бағдар беру ата-ананың және сынып жетекші жауапкершіліктерінде екендігі ескерілсін.

Мектеп директоры:



*[Handwritten signature]*

Е.К.Нурсеитов

Хатшы:

*[Handwritten signature]*

Н.Сартаева

### Хаттама

В.Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде  
19.12.2025 жылы

**«Кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің  
алдын алу» мақсатында**

**«Қыздар сұлу көріне қылығымен» атты қыздар жиналысы болып өтті.**

**Мақсаты:** Қыз балаларды әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, шынайылыққа, ар-намысын, тазалығын, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой-өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

Қатысқандар: 110

### Күн тәртібінде:

1. Кездесудің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.  
/ДТІЖО Калиева Қ.Б/
2. «Қыз баланың жыңыстық жетілуі және гигиенасы» туралы.  
/Еңбекші ауданы Чапаевка поликлиникасының  
дәрігер-гинекологы Амирбекова Алима Сағымбайқызы/
3. «Кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің  
алдын алу» туралы.  
/мектеп мейірбикесі Жанпейісова Гулнар/
4. «Қыздар сұлу көрінер қылығымен» пікір-сауал  
/ДОІЖО Арынбаева Г.К/
5. Кездесуді қорытындылау.

### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қалиева Қаракөз Байралықызы сөз алып, кездесудің мақсатын және күн тәртібімен таныстырып өтті. Бүгінгі кездесу «Кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында өткізіліп отырғанын айтып, іс-шараға келген қонақтармен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Еңбекші ауданы Чапаевка поликлиникасының дәрігер-гинекологы Амирбекова Алима Сағымбайқызы сөз алды. Жасөспірім қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу әрбір қыз баласы болашақ ана сол себепті өз өмірі мен денсаулығына жауапты екендігін есте сақтап зиянды әдеттерден аулақ болу керектігін ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп мейірбикесі Жанпейісова Гулнар сөз алып, қыз бала бойындағы тазалықтың қандай болуы, оны қалай ұстану жайлы айтты. Қыз баланың ерте жүктіліктен қалай сақ болуы керек және аулақ болуы жайлы баяндама оқыды. Жақсы мінез, жақсы ой адамды тек жақсылыққа жетелейтіні туралы айтылды. Сонымен қатар қыз балаларға арналған видеоролик көрсетіліп, бүгінгі қыз балаларымызға берілген кеңестен қыздарымыз өз ой саналарына қажетті мәлімет түйді деген ойдамын деп сөзін аяқтады.

Келесі сөз кезегін директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Арынбаева Гулмира Кураловна сөз алып сөз сөйледі. Өз сөзінде жаңа заманда сырғалылардың әдемі болып көрінуіне мүмкіндік көп. Бояу мен иісмайдың, әшекей мен сәнді киімдердің түр-түріне оңай қол жеткізуге болады. Бірақ, әсемдік бұйымдарын орынды пайдаланып жүрміз бе?! Немесе сұлу болып көріну үшін не істеп жүрміз?» -деп тақырыпты сауалмен бастады.

Қыздардан қазіргі тәрбие туралы өздерінің жеке пікірлері сұралды.

9-сынып оқушысы **Такенбаева Еркеназ** «Бұрынғы тәрбие қатаң тәртіпке негізделген болатын, қазіргі уақытта бәрі жаңарып, тәрбие мен орта өзгеріп, қыздарымыздың өз еркі өздерінде болған заман деп ойлаймын» деп өз ойын білдірді.

10-сынып оқушысы **Кариева Қарақат** «Мен олай ойламаймын, қазір де қыздар ақылды. Тек дұрыс жол таңдап, дұрыс жүре білу керек. Бәрі өз қолында. Тән сұлулығынан жанның сұлу болуы маңызды деп есептеймін» деп өз ойын ортаға салды.

Қыз-бойжеткен, әйел, ана туралы ұлылардан қалған ұлы сөздер мен қанатты сөз, мақал-мәтелдерді мұғалімдер мен оқушылар мағынасын ашып, талдау жасады. Одан кейін аға тәлімгер **Сартаева Нұрғұл «Жасөспірім қыздың тәрбиесі»** тақырыбында баяндама оқып, мектебіміздегі қыздарымыздың жалпы тәрбиесі, киім киісі, адамдармен қарым-қатынас жасауда әдептілік этикасы туралы айтты.

«**Сүйкімді дүниенің сұлулықта**» бейнебаян оқушылар назарына ұсынылып, «Әсемдіктің адам өміріндегі маңызы қаншалықты терең деп ойлайсыздар? Қыздарға әсемдік жарасады дегенді қалай түсінесіздер? Әдеп әріден басталады дегенді қалай түсінесіз?» сынды сұрақтарға жауап берді.

Қызу талқылаудан кейін, интербелсенді тақтадан «**Қыздарға әсемдік жарасады**» тақырыбындағы бейнематериал оқушылар назарына ұсынылып «Қазақ қызы» деп бетке ұстар аты аңызға айналған тарихтағы апаларымызды еске түсіріп, «қызға қырық үйден тыйымды» назарға ала отырып, білімді де тәрбиелі қырдың қызғалдағындай жайнап өсе беріңдер деп, бүгінгі жиналыстың қорытындылап тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасады

Бүгінгі қыздар жиналысын қорытындылай келе, үлкенді сыйлау, құрметтеу кішіге ізет көрсету, инабатты, ибалы болып жүру қыз баланың басты борышы екені айтылды. Әсемдік адам өмірінің сәні болып қана табылмайды, ол оның мәні десек


те қателеспейміз. Өйткені еңбек – адамды адам еткен болса, сұлулық - адам бойын қуаныш, әсем сезімге бөлей отырып, сол еңбекке деген талпынысты, құштарлықты оятады, сұлу қимылдар мен әсем де әдемі қылықтарды, әдеттерді қалыптастырады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

**Қаулы:**

1. «Кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» мақсатында өткізілген қыздар жиналысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Қыздар арасында ертежүктіліктің алдын алу бойынша іс-шаралары үнемі жандандырылсын.
3. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, қыздар төрайымы, мектеп медбикесі қыздармен үнемі тығыз байланысып, әр ай сайын ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Мектеп директоры:  Е.К.Нурсейтов

ДТЖО:  Қ.Калиева

Хатшы:  Н.Сартаева

**Терешкова атындағы №31 жалпы орта мектебінде**  
**Кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын**  
**алу мақсатында**  
**«Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында өткізілген қыздар жиналысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

11.11.2025ж

Қатысқандар: 140

Мектеп әкімшілігі, ата-аналар

8-11 сынып оқушылары

**Күн тәртібінде:**

1. «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» баяндама  
/Педагог ұйымдастырушы  
К.Тұрысбек /
2. «Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» туралы  
/Медбике Г.Жанпейісова/
3. «Қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі»  
/мектеп психологы А.Мусакулова/

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер бойынша жиналыстың күн тәртібімен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Калиева Қаракөз Байралықызы таныстырып өтті.

Қазіргі қоғамда тек қана «Абайлап жүріп, аңдып бас», «Қызды қырық үйден тыю», «Қыз елдің көркі» қыз қонақ деген мақал-мәтелдермен қыз балалардың ойлануына, олардың ішкі жан дүниесін селт еткізетіндей даналық сөздер айтты. Қазіргі кезде ата-аналар тарапынан қыз балаларға көп тәрбие керек. Кірпігін көтеріп жат адамға сөйлемейтін, үлкеннің жолын кеспейтін қазақ қызы бүгінде көше-көшені кезіп, тәніні саудалап, көшенің қак ортасында итше ырылдасып шаштасып төбелесіп жатқаны туралы айтылды. Одан қалса көше жәшігіне немесе әжетханаға лақтырып тастап кете барады, бұл не деген масқара деді... Бүгінгі кеште өздеріңізге қажетті ақпарат алады деген сенімдемін деді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагог-ұйымдастырушы Тұрысбек Күлия Есенқызы «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында баяндама оқыды. Инабатты да ибалы, салмақты да сабырлы, өмірдің мәнін түсіне білетін нәзік жан – қыз баласы болып саналады. Қыз баласы әрқашан да бір жанұяның тыныштығын сақтап, құт-берекесін кіргізіп отан ұйытқысы болса, бірде үміт артып арқа сүйер ана да болады. Қыз баласы өзінің нәзік жанды екеніне қарамастан, өмірдің барлық сан килы жолдарымен киналмай өтетін жан десек болады. Қазақ халқымыз «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, әдептіліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Бүгінгі бас қосуымыздың да мақсаты қазақ қыздарының бойына жастайынан осы тамаша қасиеттерді ұялату. Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігі мен мәдениеттілігін сыртқы бет-пішіні мен киім киісіне қарап бағалаған. «Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле, руыңды сақтаймын десең – ұлыңды тәрбиеле» деген даналар сөзі бар. Қазақта

«Қызға қырық үйден тыю» деген бар, сондықтан жат қылықтан аулақ болу керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі сөз кезегі мектеп медбикесі Гүлнар Жанпейісова берілді. «Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндіру жүргізілді. Жалпы қазақ қыздарын ерте заманнан ата-анасы мәдениеттілік пен ұқыптылыққа, тазалық пен тәртіптілікке тәрбиелеп келген. Қазіргі кезде мектеп жасындағы жасөспірім жас қыздардың жүкті болу жағдайлары жиілеп барады. Елімізде жасөспірім қыздардың арасында ерте жүктіліктің көбейіп кеткені түрлі жан шошытарлық оқиғалардың орын алып жатқаны қалың көпшілікті қатты аландатып отырғанын айта келе, ерте жүктіліктің зияны туралы айтып өтті. Елімізде кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасында статистика бойынша 10 мыңға жуық қыз жүкті болады екен. Олардың көбісі түсік тастайды, денсаулығы көтермейді, өзі бала баланы қалай баға алады. Баланы алдырту келешекте бала сүйе алмау деген сөз. «Ерте жыныстық қатынаста болу және оның зардаптары» туралы айта келе дәрігер өз сөзінде жеткіншектердің ерте бастан жыныстық қатынасқа баруына не әсер ететіндігінен бастап оның зардаптары, осы жағдайлардан туындайтын түрлі қиындықтар мен кеселдер туралы ерте жүктіліктің ертеңі туралы кеңінен әңгімеледі. Ерте жыныстық қатынастың қасіреттен басқа ештеңе әкелмейтіндігін айта отырып өз сөзін қорытындылады. Сондықтан да олардан аулақ болып, жалпы қыз баласы ұзын киім киіп, үлкеннің алдын кесіп өтпей салт дәстүрімізді берік сақтау керектігін айтты. Себебі «Қыз ұлттың ұяты, халықтың шырайы» деді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған мектеп психологы Алия Мусакулова қыз тәрбиесі – қоғам тәрбиесі деді. Біз «Малым – жанымның, жаным – арымның садағасы» деген асыл қағиданы ту етіп ұстаған ұрпақ едік. Әуел бастан тән сұлулығы мен жан сұлулығын жоғары қойып өскен елміз. Әйел адам ер азаматтар отырған жерде дауыс көтеріп сөйлемеген, ретсіз күлмеген. Ұлтымыз қыз баланың ізеттілігін, мәдениеттілігінің белгісін сыртқы бет-пішіні, киім киісіне қараумен қатар, атқарған ісіне, қылықты қылығына қарап бағалаған. Небір әсем сұлулықты сипаттағанда «Қыздың жиған жүгіндей» деп қыздарымыздың іс-қимылының нәтижесімен өлшеген. Міне, осындай тәрбиемен өскен қыз кісі тәнін жалаңаштамақ түгілі әлдебіреудің бетіне күліп қарамаған. Бір сөзбен айтқанда, қыз баланың әрбір қылығы сұлулықтың символы еді. Бүгінгі жарым жартылай жалаңаш, кіндіктері жарқыраған аруларымыз осы бір кертартпа тәрбиенің зардабы мен салдары. Өкініштісі сол, қазіргі қазақ қыздарының ұл не қыз екенін ажырату қиын. Шашын қырқып, аузына темекі қыстырып, тар шалбар киген, ер балаша құлағы қалқиған қазақ қыздарының қазіргі кейіпі адам шошырлық. «Қызым үйде қылығы түзде» демекші қыз баланың жүріс тұрысы мен киім киісі тәрбиенің негізі болып саналады деді.

Кездесу соңында мектеп оқушылары өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Сонымен қатар осындай қиын мәселелерді шешу жолдарына байланысты өз пікірлерін білдіріп жатты.

Қорытындылай келе, осындай түсіндіру жұмыстары алдағы уақытта да жандана берсе, келеңсіздіктердің алдын алуға әбден болады деді. Әрине қоғам өмірі өте күрделі.

Күн тәртібіндегі каралған мәселелерді тыңдай келе төмендегідей қаулы шығарылды.

### Қаулы:

1. «Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында жүргізілген іс-шара өз деңгейінде өткізілді деп есептелсін.
2. Әрбір қыз баласы болашақ ана, сол себепті өз өмірі мен денсаулығына жауапты екендігін есте сақтап, зиянды әдеттерден аулақ болсын.
3. Қыз баланың тәртібі мен болашағына жауапты екендігін ұмытпай қоғамға араласуына дұрыс бағыт бағдар беру ата-ананың және сынып жетекші жауапкершіліктерінде екендігі ескерілсін.

Мектеп директоры:

Е.К.Нурсеитов

Хатшы:

Н.Сартаева